

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

3. Кәкішев Т. Қызыл сұңқар. – Алматы: Қазақстан, 1968. 196 бет.
4. Дөнентаев С. Жазушыларға. Кітап.: Ұрпағыма айтарым. – Алматы: Жазушы, 1989. 253 б.
5. Қожакеев Т. «Жас алаштан» «Лениншіл жасқа» дейін //Лениншіл жас. 1991. 5 мамыр.
6. Есова С. Октябрьдің ұрпақтары. Кіт.: Қазақстан азамат соғысы жылдарында. – Алматы: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1960. 290 бет.
7. Тайшықов Қ. Октябрь ұшқыны. – Алматы: Қазмемкөркемәдебас, 1961. 5 бет.
8. Бес арыс. – Алматы: Жалын, 1992. 379 бет.
9. Нұржекеұлы Б. Әйгілі Жамал әнші //Егемен Қазақстан. 2002, 5 наурыз.
10. Базарбаев Ж. Шалқыған күй, шырқаған ән //Социалды Қазақстан, 1936. 26 мамыр.
11. Әлихан Бөкейхан. Таңдамалы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. 397 бет.
12. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. – Алматы: Жазушы, 1977. 136 бет.
13. Би аға. Бейімбет Майлин туралы естеліктер. – Алматы: Жазушы, 1991. 107-114 бб.
14. Елеуқенов Ш. Мағжан. Өмірі мен шығармагерлігі. – Алматы: Санат, 1995. 81 бет.
15. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы. 1989. 28 бет. (320).
16. 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. Жаңаша бажайлау. – Алматы: Ғылым, 1997. 57-60 бб.
17. Бердібаев Р. Нәзірдің жұлдызы. Кіт.: Төрекұлов Н.Шығармалар. Дипломат. – Алматы: Қазақстан, 1997. 19 бет.
18. Сейфуллин С. «Тар жол, тайғақ кешу туралы» //Әдебиет майданы. 1929, №7. 42 бет.
19. Мұқанов С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті I бөлім. Ұлтшылдық, байшылдық дәуірі. Қызылорда: Қазақстан, 1932, 267 бет.
20. Қозыбаев С., Бекболатов Ж. Өмір айнасы. – Алматы: Қазақстан, 1990. 76 бет.
21. Қожакеев Т. Сара сөздің сардарлары. – Алматы: Санат, 1995. 21 бет.
22. Жансүгірұлы І. Алдоңғарұлының пікірі //Еңбекші қазақ. 1926. 6 маусым.
23. Мүсірепов Ғ. Аталы сөз //Қазақ әдебиеті. 1994. 15 сәуір.
24. Джандосов О.. Киргизская газета //Туркестанская правда. 1923.17 июля. Кіт.: Ураз Джандосов. Документы и публицистика. Т.1., – Алматы: Казахстан, 1999. 213-216-бб.

ӘОЖ 93/94

XVII ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ МЕН 30-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҰРЫС ПЕН АШТАРХАН ӘУЛЕТТЕРІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНА ТАРИХИ ТАЛДАУ

Ахмет Нұрзат Нұршатұлы

nurzatakmet47@icloud.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіндегі Тарих және археология
факультетінің магистрант студенті
Ғылыми жетекшісі - Мусабалина Г.Т.

Орталық Азияның ортағасырлар тарихы болашақта маңызды, қызықты деректер мен оқиғалармен толтырылған. Солардың ішіндегі назар аудардатыны, ол қазақ мен өзбек халықтарының қарым-қатынасы болып табылады. Себебі қазіргі таңда екі халық арасында қарым-қатынастың жаңа кезеңі бастау алдында тұрған секілді. Осыған орай, мен ойымша екі халықтың ортағасырлар кезеңіндегі қарым-қатынасын қайта қарастырған жөн.

Қазақ халқының тарихын және оның өзара көршілес өзбек халқымен кең көлемді қарым-қатынас дереккөз базасын зерттеу өзекті, күрделі және қызықты тақырып. Бұл бағыт бізге жеке халықтың да, онымен қарым-қатынаста болған халықтардың да тарихи қалыптасқан саяси, этникалық, экономикалық және мәдени байланыстарын толық зерттеуге мүмкіндік береді. Қазақстан және Өзбекстан секілді кең тарихи аймақтардың ұзақ жылдар бойы тоқтаусыз қалыптасқан ортақ тарихи тағдырлары бар.

Қазіргі уақытта тарих ғылымы XV-дың екінші жартысы-XVIII ғасырдың екінші жартысы аралығында қазақ елінің тарихында айтарлықтай жетістіктерге жетті. Алайда көптеген арнайы ғылыми зерттеу жұмыстар болғанымен, кейінгі орта ғасырдағы Қазақ хандығының XV-XVIII ғасырлар аралығындағы өзбек хандықтарымен қарым-қатынасы бойынша жалпыма зерттеу жұмыстары аз ғана. Мұны көбінесе парсы, араб және түркі тілдеріндегі дереккөздердің барлық зерттеушілерге қол жетімсіздігімен байланысты белгілі бір қиындықтарға жатқызуға болады. Қазақстан тарихы үшін араб және парсы тіліндегі жазбаша дереккөздердің маңызы бірнеше рет белгілі ғылыми әдебиеттерде ерекше атап өтілген болатын.

Айта кететін бірінші жайт, XV ғасырдың екінші жартысы-XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ-өзбек қарым-қатынастарына қатысты ортағасырлық авторлардың еңбектері көптеп кездеседі. Алайда ескере кететін жағдай, ортағасырдағы біздің тарихымызға қатысты деректердің көпшілігі, көршілес мемлекеттерде жазылған. Солардың бірі ол Өзбек хандығында жазылған ортағасырлық еңбектердің ерекшелігі, олардың авторлар өздерінің билеушілерін мадақтау және көтеру мақсатында қарсыластарын, әсіресе Қазақ хандығына қатысты деректерді әдейілеп өзгертіп отыратын болған.

Екінші жайт, біз білетіндей Кеңес үкіметі қазақ және өзбек халықтарының тарихына қатысты көптеген еңбектер қатты назар аударылып, тереңдетілмей кеңестік парадигмада жазылған болатын. Алайда, тәуелсіздік жылдары қазақ-өзбек қарым-қатынасы тарихына қатысты жаңа деректердің табылып, аударылуына байланысты жаңаша жазылған еңбектер мен ойлар пайда болды. Осыған орай менің қазіргі жазылып отырған мақалам жаңа деректермен мен жаңа еңбектерді талдап пайдалана отырып, бұл екі елдің қарым-қатынасына қатысты өз ойымды жазу болатын.

XVII ғасырдың басында Қазақ хандығының оңтүстік көршісі Бұхар хандығында әулет ауысу процессі орын алды. Тәуекел ханмен соғыс нәтижесінде Шайбан әулеті биліктен кетіп, олардың орнына жаңадан Аштарханид әулеті Бұхар хандығында билікке келді. Бұл әулеттің Аштарханид аталуының себебі – әулеттің негізін қалаушысы Жәні-Мұхаммед(Жәнібек) Қажы-тархандық Тоқай-темір әулетінен шыққан шыққан болатын. Бұл әулеттен хандық таққа бірінші болып Жәні Мұхаммедтің екінші ұлы Бақи-Мұхаммед отырды [1].

XVII ғасырдың басындағы Бұхар хандығының солтүстіктегі көршісі Қазақ хандығындағы билекте отырған Ұрыс хан әулетімен күрделі болатын. Себебі бірнеше жыл бұрын қазақ хандырымен жасалған келісімге сәйкес Ташкенттегі билік қазақтарға ауысқан болатын, ал Аштарханидтер болса бұл аймақтар өздеріне қайтарып алғысы келетін. Махмұд ибн Уәлидің “Бахр әл-асарына” сүйенсек 1603 жылы Бақи-Мұхаммед Ташкентті қайтарып алу мүмкіндігі жасайды, алайда ол Ташкент билеушісі қазақ ханы Келді-Мұхаммедтен жеңіліп кері шегінеді. Қазақ-қырғыз әскері Аштарханидтерді соңынан қуалау отырып, Самарқанд қаласының түбіне дейін жетеді. Бірақ-та қаланы Келді-Мұхаммед жаулап ала алмай, Ташкентке кері қайтады [2].

Алексеев А.К. “Бахр әл-асарына” сүйене отырып жазады, бірнеше уақыттан соң, Бақи-Мұхаммед ханның Ташкентке қарсы екінші жорығы жасалады. Бұл жорық сәтті болып, қазақтар Аштарханид әулетінің билігін мойындап, “баж және хараж” төлеуге келіседі [3]. Алайда бұл дерек барлық қазақтардың Аштарханидтердің билігін мойындады деген мағынаны білдірмейді, тек кейбір қазақ сұлтандарының уақытша Бақи-Мұхаммедке бағынған деп жобалауымыз керек. Ташкент үшін шайқасқа қазақ ханы, қала билеушісі Келді-Мұхаммед хан қаза болып, оның орнына Аштарханидтердің билігін мойындаған оның ұлы отыруы мүмкін, себебі келесі баяндалған саяси оқиғаларда Келді-Мұхаммедтің есімі аталмайды.

Бақи-Мұхаммед қазақтардан жорықтан келген соң, ауырып қайтыс болады. Кезекті жаңа хан ретінде таққа оның бауыры Уәли-Мұхаммед отырады [4]. Бақи-Мұхаммедтің өлімі туралы хабарды қазақ ханы Есім естіген соң, ағасы Тәуекел сияқты Мәуеренахрға жорықты бастайды, алайды бұл жорық сәтсіз болады.

1606 жылы Шығай ханның баласы Абылай сұлтан бастаған қазақтар кезекті рет Самарқандға басып кіреді. Алайда аштарханидтер Абылай бастаған қазақтарға кезекті рет тойтарыс беру арқылы оларды кері шегініреді [3].

1607 жылы Мұхаммед Бақи би қалмақ(бұл жерде Т.Сұлтанов қателесуі мүмкін, қалмақ деген сөздің орнында қалпақ яғни қарақалпақ болуы да мүмкін) деген Уәли-Мұхаммедтің адамы Ташкент қаласын қайтадан басып алады. Бірақ оны Есім хан бастаған қазақ әскерлері қаладан қайта қуып тастағандықтан, ол қаланы ұзақ басқара алмайды. Тоқтаусыз алма-кезек соғыстардан соң Ұрыс пен Аштарханидтер әулеті арасында келісімшарт жасалынады. Келісімшартқа сәйкес Ташкент қаласындағы билік Тұрсын-Мұхаммед сұлтанның баласы Шахсейіт сұлтанға беріледі. Алайда екі тарапта өзара тең мәмілеге келу мақсатында Шехсейіт сұлтанның аталығы болып атақты алшын руының батыр Жалаңтөс қойылады[2]. Бұл жағдай сол уақыттары қазақ-өзбек билеушілері мен рулар арасында жеке бөлек халық айырмашылық болмағандығын көрсетеді. Кейінгі оқиғалар оған дәлел.

1609 жылы Абылай сұлтан кезекті рет Бұхар хандығына жорықты бастайды. Қазақтарға қарсы Жалаңтөс батыр мен Бақи Мұхаммед қалмақ бастаған қарсы шығып, Абылайды Самарқанд маңында жеңіп, кері шегіндіреді. Абылай сұлтан Сығанақ қаласына кетуге мәжбүр болады. [3]

Кейінірек Бұхар хандығында Аштарханид әулетінің өкілдері арасында өзара таққа талас бастады. 1611 жылы саяси қастандық нәтижесінде Уәли-Мұхаммед хан тақтан тайдырылып, оның орнына таққа Дін-Мұхаммедтің ұлы Имамқұли хан отырады. Алайда, Уәли-Мұхаммед бұл саяси талас оңай беріле қоймайды. Ол оңтүстіктегі көршілері қызылбаш Сефефи әулетінен әскери көмек алып, таққа таласты қайта жалғастырады [4]. Бұхар хандығындағы саяси дағдарысты Ұрыс хан әулетінің билеушілері өз жақтарында тиімді пайладану үшін белсенді іс-қимылдарын бастайды. 1611 жылы Есім хан, Абылай, Күшік және Есімнің ұлы Жәнібек сұлтандар бастаған қазақ билеушілері Уәли-Мұхаммедқа қарсы күресте Имамқұли ханның жағын таңдайды. Ал, Уәли-Мұхаммед ханның жағын Әбісейіт есімді қазақ сұлтаны таңдайды. “Тарих-и алам-ара-йи Аббаси” дерегіне сүйенсек шешуші сәтте Әбусейіт сұлтан Имамқұлидің жағына ауысып кетуі, Уәли-Мұхаммедтің жеңілуіне алып келеді. Шайқастан соң Имамқұли Уәли-Мұхаммедтің өлім жазасына кеседі [3]. Имамқұли хан Есім бастаған қазақ билеушілеріне азамат соғысында жеңіске жетуіне қол ұшын бергені үшін, Ташкент пен Түркістан аймағында кейбір қалаларды қазақтар билеушілеріне береді [2]. Бұл оқиға XVI ғасырдың басындағы Қасым хан бастаған қазақ билеушілерінің Бұхар хандығының қызылбаш Сефеви әулетіне қарсы күресте көмектескен қатты ұқсайды. Жалпы, Тәуекелдің өлімінен соң алғашқы қазақ-аштарханид соғысы жылдары, қазақтарда нақты бір үлкен ханның болмағандығын көрсетеді. Бірақ-та Ұрыс хан әулетінің өкілдері Аштарханидтермен соғыс жағдайында өзара саяси бірегейлігін сақтап қалды деуге келеді.

Мұхаммед Жүсіп Мұншының «Тарихи Муқим-хани» дерегіне сүйенсек, Имамқұли ханның таққа отырғаннан соң, солтүстік көршілері қазақ пен қалмақтардың Мәуеренахрдың шеткі аймақтарына қайтадан шабуылдары бастады. Бұған жауап ретінде 1612 жылы Имамқұли хан қазақтарға қарсы жорық ұйымдастырып, Ташкент қаласын қайтадан жаулап алады. Алайда, Ташкент қаласына билеуші ретінде Имамқұли өз ұлы Ескендір ханды отырғызғанымен, қала тұрғындары оны өлтіріп тастайды. Имамқұли хан жаза ретінде Ташкент қала тұрғындарын қатты жазаға ұшыратады. *«В тот день до полуденной молитвы базар смерти был весьма оживлен, и столетний старец шел по одной цене с однолетним младенцем. Число убитых превосходило границы всего воображаемого и представляемого»* - деп Мұхаммед Жүсіп Мұншы жазады [5].

1613 жылы Ұрыс хан билеушілері кезекті рет Ташкент қаласында өз биліктерін орнатады. Бұдан соң, олар жорықты тоқтатпай, Самарқанд қаласына аттанады. Қазақтарға қарсы Имамқұли хан мен оның інісі Балх аймағының билеушісі Нәдір-Мұхаммед шығады, бірақ жеңіліп кері шегінеді [6]. Бірақ олар бұл жорықты ішкі келіспеушіліктердің кесірінен одан әрі жалғастырмайды.

Жорықтан соң, Ұрыс әулетінің ақсүйектері арасында жоғарғы хандық билікке таққа талас басталады. Бірінші саяси топты Есім хан мен Абылай сұлтан бастаса, екінші саяси топты Жалым сұлтанның ұлы Тұрсын-Мұхаммед сұлтан басқарды. Тұрсын сұлтан Аштарханид әулетінен одақ құру қалаған болатын. Мысалға, «Бахр ал-асрарда» Сырдария маңында көшіп жүрген Тұрсын сұлтанның, қазақ пен қырғыз әскерін бастаған қазақ сұлтандарын шабуылдай беретіндегі туралы Имамқұлиға арыз хаты жазылады [6]. Бұл жерде қазақ-қырғыз билеушісі Есім хан екендігі анық, себебі Есім хан екі халық ханы болғандымыз біз білеміз.

Нақтысына келетін болсақ, Бұхар ханы Имамқұли Тұрсынды өз адамына айналдыра отырып, қазақ тағына отырғызып, сол арқылы басқарғысы келетін байқауға болады. Нәтижесінде, 1613 жылы қаңлы және қатағандарды бастап Тұрсын-Мұхаммед Аштарханид ханының көмегімен Ташкентті басып алып, өзін хан жариялайды. Бірақ біз Тұрсынды біз толыққанды қазақ ханы деп айтуға келмейді, себебі мен жоғарыда айтқандай оның Шығай ханның ұлдары Есім мен Абылай бастаған бәсекелестері болды [7].

М.Әбусейітова “Имамқұлханнамадан” қазақтардың, қырғыздардың және қалмақтардың Имамқұли ханға қарсы Есім хан, Абылай, Назар, және Күшік сұлтандар бастаған одақ құрғандығы айтады. Имамқұли хан Ұрыс әулетінің билеушілеріне қарсы Нәдір мырза тағай бастаған аштархан әскерін жібереді. Оған көмекке Ташкент билеушісі Тұрсын-Мұхаммед бастаған әскер де қосылады. Қазақтармен арада болған шайқаста Аштарханидтер жеңіске жеткен соң, Нәдір мырза тағай мен қазақ ханы Тұрсын арасында келісім шарт жасалынады.

А.Исиннің ойы бойынша 1616 жылы қазақ хандығында мынадай саяси жағдай орын алды. Негізгі ордасы Ташкентте орналасқан Тұрсын-Мұхаммед Ұлы жүздің ханы болды, ал негізгі ордасы Түркістанда орналасқан Есімнің Орта жүз ханы болғандығы айтылады. Алайда қазіргі таңда Ж.Сабитовтың қазақ жүздерінің тек Қатаған қырғынынан соң пайда болғаны деген пікіріне сүйене отырып [8], А.Исиннің бұл ойын дұрыс талдау қажеттігі туындап отыр. Бірақ-та сонымен қатар, Р.Темірғалиевтің пікірінше, Ұлы жүз құрамындағы қаңлы және қатаған(шанышқылы) рулары ішкі таққа таласта Тұрсын ханды қолдағандығы жазылады [9].

1614-15 жылдары Есім хан бастаған Тұрсын-Мұхаммед ханмен бәсекелес топтың өкілдері Жетісу мен Қырғызстан аумағына кетуге мәжбүр болады. Мұнда қырғыздардың “Эр Есім” деген жырынын пайда болғандығына қарағанда, Есім ханның билігін қырғыз тайпаларының бір бөлігін мойындаған секілді [10].

Уақыт өте келе, Абылай сұлтанда Имамқұлидан жеңіліп, Есімнің жоқтығына байланысты Сауран қаласында өзін жариялайды. 1616 жылы Тобыл воеводасы И.Куракин Елшілер приказына «бухарский царь Имямкули савранского царя Аблахана с его городов согнал, а по бежал дей в Казацкую Орду, а на его место посадил на Саврани и иных городех посаженника своего Турсуна царевича»[11]. Бұл дерекке сүйене отырып, біз Абылай ханның Аштарханид әулеті мен Тұрсын хан арасында одаққа төте бере алмай жеңіліске ұшырағандығын көреміз. Нәтижесінде Есім мен Абылай ханның жеңілуіне байланысты, 1616 жылдан бастап Тұрсынның Ұрыс әулетіндегі үлкен хан болған деп айтуға келеді.

«Турсун-султан и Ишим-султан простили друг друга и снова завязали узы дружбы» [12]. Менің ойымша, Есім хан Тұрсын-Мұхаммед ханды үлкен қазақ ханы ретінде таққа отыру құқығын мойындаған болуы мүмкін. 1625 жылы шайбан Әбілғазы-батыр хан Түркістанда Есім ханның сарайында үш ай қонақта болған кезде оның Тұрсын оған құрметпен қарағанын жазады [13].

1624 жылы Тұрсын-Мұхаммед мен Есім бастаған бірлескен қазақ әскері Әндіжанға жорық жасайды. Ол кезде Әндіжанды Ташкент ханы билеушісі болған қазақ ханы Келді-Мұхаммедтің ұлы Ханзада сұлтан басқарып жатқан болатын. Менің ойымша Хандада сұлтан бұл Бақи-Мұхаммедтің Ташкентке екінші жорығы кезінде әкесінен өлімінен соң, бұхар ханының билігін мойындаған ұлы секілді, себебі Ханзада сұлтан екі қазақ ханына жалғыз өзінің төтеп бере алмайтындығын біліп, Имамқұли ханнан көмек сұрайды, бірақ көмекке

келген аштархан әскерлерін Ахси бекінісінің маңында Тұрсын-Мұхаммед хан мен Есім хан әскерлері талқандап тастайды. Нәтижесінде Ферғана аймағы Қазақ хандығының құрамына еніп, аймақтың билеушісі ретінде Абылай хан қойылады [6].

Тұрсын хан хандық ішінде Есім секілді ірі ханның болуы, оның толыққанды хан болуына кедергі келтіретіндігін түсінді. Сондықтан 1626-27 жылдары екеуінің арасында соғыс басталады. Имамқұли уақыт өте келе, Тұрсынның оған ешқандай тәуелді хан емес, мықты бәсекелес екенін түсініп, Есім ханмен одақтасады. 1627 жылы Есім бастаған алаш мыңы Тұрсынның әскерін жеңіп, Ташкент қаласын басып алып, атақты “Қатаған қырғынын” жасайды. Есім Тұрсынның басын аштархан билеушісіне достықтың белгісі ретінде жібереді. Нәтижесінде Бұхар ханы Ташкент мен Түркістан қалалары мен оның маңындағы бекіністерді Ұрыс әулеті жері ретінде мойындайды [12].

1628 жылы Есім ханның қайтыс болады. Кезекті қазақтың ханы ретінде ойымша Есімнің ұлдары Жәнібек те, Жәңгір де сайланбайды. Менің ойымша, сол уақытта Ұрыс әулеті ішінен ең жасы үлкен, тәжірибелі Абылай хан таққа отырған секілді. Кейінгі саяси оқиғалар бұл ойдың дұрыстығын көрсетеді [1].

1628 жылы Имамқұли келісімшартты бұзып, қазақ ханы мен бұхар ханы арасында Қаймас деген жерде шайқас болады. Абылай хан шайқасты жеңіліп, Ташкент пен Әндіжаннан айыралады. 1631 жылы қазақ ханы Имамқұлидің баласы Пір-Мұхаммедті өлтіріп, қайтадан Әндіжанда өз билігін орнатады. Имамқұли жауап ретінде Әндіжанға үлкен жорыққа шығады. Сол жылы бұхар ханымен шайқас кезінде Абылай хан қайтыс болады [3].

Абылай ханның өлімінен соң, Н.Атыгаевтың ойынша Есімнің үлкен ұлы Жәнібек хан таққа отырады. Жәнібек кейін Жәңгірден соң, Ұрыс пен Аштархан әулеттері арасында қарым-қатынастың жаңа кезеңі басталады. Бұл басқа тарих...

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Атыгаев Н. Казахское ханство: очерки внешнеполитической истории XV- XVII веков. Алматы: Евразийский научно-исследовательский институт МКТУ им. Х.А. Ясави, 2023: 225.
2. Султанов Т.И. Правители первого казахского государства (1470-1718). Астана, 1993: 111.
3. Алексеев А.К. Политическая история Тукай-Тимуридов: по материалам персидского исторического сочинения Бахр ал-асрар. Санкт-Петербург: Изд-во Санкт-Петербургского университета, 2006: 229.
4. Қожамқұли-бек Балхи. Тарих-и Қыпшақи / Сөзбе-сөз аударған Ю. Пилтан, әдеби өңдеп, редакциялық жұмыстарын жүргізіп, қосымшаларын жазғандар: Т. Әлбеков, Н. Елесбай, А. Оралбек. Алматы: Принт, 2017: 800.
5. Мухаммед Юсуф Мунши. Муким-ханская история. Тарих-и Муким хани. Перевод с таджикского, предисловие, примечания и указатели профессора А.А. Семенова. Ташкент, 2010: 296.
6. Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. Алматы: Дайк Пресс, 2001: 276.
7. Султанов Т.И. Казахи. Судьба народа и судьба страны в средние века. Алматы: «Дайк-Пресс», 2020: 344.
8. Сабитов Ж.К. Казахские жузы и клановая система Золотой орды. // Молодой ученый. №11(9). Июнь. 2015. с.1167.
9. Р.Темиргалиев. Тамга. История казахских племен. Алматы: «MELOMAN Publishing», 2023. -696 стр.
10. Жолдасбайұлы С. Жетісу тарихы. (XVI-XVIII ғғ.): Тарихи және палеоэтнологиялық зерттеу. Алматы, 1996: 300.

11. История Казахстана, 2005а – История Казахстана в русских источниках. Том I. Посольские материалы Русского государства (XVI-XVII вв.). Составление, транскрипция скорописи, специальное редактирование текстов, вступительная статья, комментарии, составление словариков указателей А. Исина. Алматы: Дайк-Пресс, 2005: 704

12. История Казахстана в персидских источниках. Том 5. Извлечения из сочинений XIII - XIX веков. Алматы: Дайк-Пресс, 2007: 477.

13. Абулғозий. Шажарийи турк. Ташкент: Чулпон, 1992: 192.

ӘОЖ 93/94

ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІНІҢ ТАРИХЫНДАҒЫ ЖАСТАР МӘСЕЛЕСІ

Әбдіразақ Бердібек Маратұлы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Тарих факультетінің 2 курс магистранты

Ғылыми жетекшісі: Сайлаубаева Н.Е.

2019 жыл қазақстандықтар үшін ерекше жыл, өйткені Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың 5 қазандағы Жолдауында оны – Жастар жылы деп жариялаған болатын, Елбасы жастардың бүгінгі мен болашағына қамқорлық жасауды өз саясатының негізгі мәні деп санайды. Ол жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауларында жастар саясатын жетілдіру бойынша іргелі тапсырмалар беріп жүргені белгілі, өйткені жастар қоғамның бір бөлігі ретінде мемлекетте маңызды рөл атқарады. Жастар ұлы дала елінің тарихында да ел үшін елеулі істер атқарып ерліктің жарқын үлгісін көрсетіп келеді. Отан тарихында ерекше маңызға ие тарихи оқиғалар болып саналатын 1986 жылы өткен желтоқсан оқиғасы мен 1979 жылғы Целиноград оқиғасының орын алуына себепкер болған да жастар болатын.

Кеңестік билік 1979 жылы Қазақстан территориясындағы бес облыстың аумағында Неміс автономиясын құруды шешеді. Бұл еліміздің болашағына кедергі келтіретін, халқымыздың бірлігіне, мемлекеттің территориялық тұтастығына зиянын тигізетін аса қауіпті қадамдардың бірі еді. Осы сәтте осындай зардабы мен азабы көп бұл істің болуына қарсы шыққан қазақ жастары "Қазақстан-бөлінбейді!", "Неміс автономиясы-жоқ!", «Ата-бабаларымыздың жерін фашистерге бермейміз»,-деп ұрандап, наразылық білдіріп, Целиноград қазіргі Астана қаласында 16 және 19 маусым күндері митингілер мен демонстрациялар өткізген болатын. [1, 85-б].

Митинге шығушы студенттер немістерге ешқандай да қарсылығының жоқ екенін, біртұтас отбасыда бұрынғыша тұра беру керектігін, республика ішінде ерекше облыстың құру қажеттілігінің жоқ екенін, тіпті Кремльдің бұл шешімі үшін оларды жазғыратының жеткізді. Демонстранттар өздерінің талаптарын нақты жеткізе отырып, дәл солай биліктен анық түрде 19 маусым күні жауаптарын күтетіндігін айтты, сол күні алаңда қайтадан жиналуға уәделесті. Егер де билік тарапынан қанағаттандырарлықтай жауап болмаған жағдайда 22 маусым күні түнде шырақты шеру өткізетіндіктерін айтты [2, 160-б.].

19 маусым күні осы қазақ жастарының саяси белсенділігінің, елжандылығының, патриоттығының арқасында Кеңестік биліктің автономияның болмайтындығын жариялады. Олар енді, не болашақта, не қазір бұл мәселенің көтерілмейтіндігін жеткізді, бұл хабарлама митингке шығушылардың зор еңбегі еді. Бұл хабар қазақ халқының мерейін үстемдетіп, қуанышқа бөледі. XX ғасырдағы КСРО билігі ұлттардың да, ұлыстардың да мүддесімен ешқашан санасып көрген емес, Кремль шешімі кеңестер құрамындағы халықтар үшін бұлжымас заң болатын. Қазақстанда Неміс автономиялы облысын құру жөніндегі Саяси бюроның 1979 жылғы маусымдағы шешімі де бұлжымай орындалатын осындай бұйрық еді. Бірақ қасиетті жерін қастерлей білетін қазақ халқының жастары ұрпағының ертеңі үшін